

*Ш. Б. СЕЙТОВА*

## **ШЫГЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ГЫРУ-ТАЙПА АТАУЛАРЫНАН ҚАЛЫПТАСҚАН ТҮРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДЕ ГІ ҚАЙТАЛАМАЛАР**

Сөйлеу әрекеті кезінде бір сөзді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді қайталап қолдану жиі кездеседі.

Қайталама – тілдік жүйеге тән лингвистикалық құбылыс болып саналады. Дыбыстардың, сөздердің, сөз тіркестерінің немесе сөйлемдердің қайталануы дүние жүзіндегі барлық тілдерде кездесетін құбылыс. Әлемнің бірде-бір тілі осы тәсілсіз өмір сүре алмайды. Осы құбылысты Ж. Вандриес былай деп атап көрсетеді: «Повторение это один из приемов, вышедших из языка аффективного» [1;147].

Қайталамалар қазақ тілінің барлық деңгейін қамтиды. Қөркем проза стилінде де қолданылуы жағынан қайталамаларға ешбір қөркемдеу тәсілі ұқсамайды. Қайталама термині қазақ тіл білімінің негізін салушы А. Байтұрсынов еңбегінде «қайталактау» деп беріледі. «Бір сөзді яки бір лебізді қайта- қайта айту қайталактау деп аталады. Ондай қайта- қайта айту нәрсенің өзіне яки ғамалына көбірек назар салыну үшін істеледі [2;364]. Сондай-ақ автор қайталаманың «еспелей қайталау» деген түрін көрсетеді.

Ал қазірде қайталау «еспелей қайталау «қайталама» деп қолданылып жүр. Бұғінде «қайталама» процесі жан-жақты зерттеліп, қарастырылуда. 1980 жылдардан бастап қайталама мәселесіне байланысты бірнеше кандидаттық, докторлық диссертациялар жарық көрді. Олардың қатарына қайталамалардың лингвистикалық жүйесін қарастырған О. Бұркітовтың докторлық диссертациясын [3], (қайталамалардың лексика-семантикалық құрылымын қарастырған Т. Б. Қалабаеваның [4], қайталамалардың табиғатын тануға арналған З. Н. Қожабергенованың [5] т.б. диссертацияларын жатқызуға болады.

Ең алдымен қайталау – адамзатқа тән кимылдың бір түрі. Қайталама ұғымы адамдардың санаасы мен ойында пайда болып, тіл құралдары арқылы көрініс табады. Мұның өзі қайталама процесінің ете күрделі құбылыс екендігін және оны тіл аясынан да кен, философиялық, дүниетанымдық деңгейде алып қарастыруға болатындығын көрсетеді.

Қайталама процесіне алғаш назар аударған көне дөуір философтары болды. Қайталама процесі ғұлама Аристотельдің диалектілік негіздерінің бірі болып саналады және оның атақты 10 категориясының сипатының құрамына кіреді [6]. Демек, қазіргі тілдегі қайталама процесінің негізі көне дәуірде. Бұл процесс адамның ойлау қабілетімен тығыз байланыста.

Адам өзінің ойын тындаушыға бірден жеткізе білмейді. Сөйлеуші сөйлеу процесі барысында өз ойын нақтылау, тындаушыға түсіндіру мақсатымен белгілі бір сөзді немесе сөз тіркесін қайталап қолданады. Бұл процесті тілдік деңгейден де кенірек алғып, психолингвистикалық құбылыс ретінде қарастыруға болады.

Қайталама – тілдің көркемдеуіш тәсілдерінің ішіндегі ең кенесі. Оның көнелігін түркі тілдері тарихи ескерткіштері мәтіндеріне де назар сала отырып анықтауға болады. Тілдің даму деңгейіне сәйкес қайталамалар да жетіліп отырған.

Халық ауыз әдебиеті үлгілері, толғаулар мен термелердегі, тұрақты тіркестердегі қайталамалар осы жетілудің, қалыптасудың белгісі. Бұл процесті В. И. Еремина: «Повторение представляет собой древние языковые выразительные средства, присущие и живой разговорной речи и устному народному творчеству» деп бағалайды [7].

Қайталамалардың о баста қалыптасқан ортасы – ауызекі сөйлеу тілі. Қайталамалар осы стиль арқылы нормаланып, кейін әдеби тілдің басқа да функционалды стильтерінде көркемдеу тәсілі ретінде енген. Қайталамалардың қолдану процесі

төмендегідей болып келеді:

Біріншіден, қайталамаларды сөйлеуші өз ойын екінші адамға жеткізуге тек қатынас құралы ретінде ғана емес, сондай-ақ әсер ету құралы ретінде пайдаланады. Екіншіден, қайталамалар сөйлеуші тіліндегі көркемдеуіш құралдардың бірі болып табылады. Яғни, айтылар ойдың әсерін қүшейту үшін қолданылады. Үшіншіден, сөйлеуші сезін қайталап қолдану арқылы саралау, қүшейту, қымылдың ұзактығы, қымылдың карқындылығы, сапаның дәрежесі, мағыналарын береді. Төртіншіден, қайталамалардың жиі атқаратын қызметтінің бірі – сөйлеуші тындаушыға бір затты, қымылды ерекше ескертіп, мойыннату қажет жағдайда жұмсалады. Бесіншіден, ойды үнемді беруге негізделеді.

Қайталамалардың осындағы қызметтерін саралай келе олардың ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестердегі көрінісіне назар аударайық: Көнші пайдакорлықты сүйеді, Атақозы адалдықты сүйеді; Қарасек коп не? Қара шыбын коп не?; Қыздың көрмейтін жері жоқ, Жастабанның жүрмейтін жері жоқ; Найманның жері қазыналы келер, жігіттері базыналы келер, әйгүлктері жілікті келер, сұлупары қылышты келер.

Осы сынды қайталамалар көбіне көптік, жи-нақтық, саралау, қүшейту түрінде көрініс табады.

Қайталамалардың ауызекі сөйлеудегі көрінісін зерттеу бағыты қазак тіл білімінде әлі зерттелмеген тың дүние. Ал орыс тіл білімінде қайталамаларды осы бағытта зерттеген ғалымдардың бірі – Н.Н. Шведова. Ол қайталамаларды ауызекі сөйлеу тілінде кенінен қоданылатын құрылым ретінде таниды. Бірақ ғалым ауызекі сөйлеу тілінде қоданылатын қайталамаларды бір ғана қырынан алып, оларды «реплика-қайталамалар» деп атайды. Оны Шведова өз енбегінде былай атап көрсетеді: «Повтор – это построения по правилам разговорной речи, входящая в сложное образование и потому синтаксически не самостоятельная вторая реплика, имеющая в качестве своей основы элементы словесного состава первой реплики, и подчиняющаяся ее форме» [8;283] Ғалым орыс тіліндегі ауызекі сөйлеуде қайталамаларды бір-ақ қырынан, сөздің немесе фразының қайталану процесі жағынан ғана қарастырады. Сондықтан ғалым өз енбегінде, реплика-қайталама терминін кенірек қолданады.

Ал қазақ тіл білімінде ғалым, проф. Р. С. Әміров ауызекі сөйлеу синтаксисіне арналған еңбек-гінде негіздің (түбірдің) қайталануын ауызекі сөйлеу тіліндегі өнімді тәсілдердің бірі деп есептейді [9;15]. Қайталама күрделі құбылыс. Күрделілігі – тілдің

барлық денгейінде кездесетіндігі.

Орыс ғалымы М. В. Ломоносов « Краткое введение к красноречию» атты еңбегінде сөздің әдемі және әсерлі болып келуі оның құрамындағы жеке дыбыстардың гармониялық үндесуінен болатындығын айтады. Ол кейбір дыбыстардың сөздің көркемдік бояуына тигізетін әсерін сипаттай келіп, бұл процесте дыбыстардың қайталануы-ның ерекше қызметтің атқаратындығын көрсетеді [10;719]. Шығарманың эвфониялық әсері мен эстетикалық көркемдігі арасында жан-жакты байланыстың қажеттілігі және ол байланыстардың үнемі болатындығы туралы ежелгі грек философтары Пифагор, Платон, Цицерон т.б. жазды [11;352]. Ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерде кездесетін дыбыстық қайталамаларға келетін болсақ, онда айтылатын ойдан құлакка жағымды естілуімен ғана шектелмейді, эмоционалды бояуды әрлендіріп, мәнерлілігін арттыруы, ыргак инерциясына да қатысты болады.

Дыбыстық қайталамалардың көшілікке танымаған түрі – аллитерация мен ассонанс. Ғалым Р. Сыздықова дыбыстық қайталамалардың осы түрін елеңнің үн гармониясын туғызатын тәсілдердің бірі деп санайды [12;130]. Аллитерация өлең жолдарының бірдей дауыссыз дыбыстарының қайталанып басталуы болса, ассонанс бірынғай дауысты дыбыстардың қайталанып басталуы. Аллитерация мен ассонанс дыбыстық қайталамалардың басқа да түрлері секілді ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерде де көрініс табады : *Қоктемде бұқамас, Қоктогайды Молқы мас; Қаралесек көп ne? Қара шыбын көп ne?; Ақымбеттен үл туса, агашиңа күн туады; Атқа мінер қызы аргыннан табылар, атманарда жсанынан табылар; Арғынды дауга жіберген, Адайды жауга жіберген.*

Ассонанс пен аллитерация дыбыстың құрылымын күшейттеп егіз тәсіл. Бірақ олардың ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерде колдану жиілігі бірдей болып келмейді. Мұнда дауысты дыбыстарға қарағанда дауыссыз дыбыстар қайталануға онтايлы келеді. Соңықтан аллитерация ассонансқа қарағанда жиі қолданылады.

Біздің ойымызша, аллитерация құбылысы дауысты дыбыстардың қайталану үрдісіне қарағанда бұрынырақ қалыптасса керек. А.М. Щербактың аллитерацияны о баста тұтас сөздер мен сөз тіркесінің қайталануы нәтижесінде қалыптасқан деген болжам осы тәсілдің көне құбылыс екендігінен туындаиды [13;147]. Қайталамалардың бір түрі болып табылатын дыбыстық анафора құбылысы. Кей жағдайда

дауысты, дауыссыз дыбыстық тіркес күйінде қайталанатын кезі болады. Оны дыбыстық анафора деп атайды. Енді дыбыстық анафораның ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерде көрініс беруіне назар аударсақ: *Қаралесек көп ne? Қара шыбын көп ne?; Атқа мінер қызы аргыннан табылар, атманарда жсанынан табылар.* Сонымен ассонанс пен аллитерация сияқты тәсілдер ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерде жанданып коя береді.

Ру-тайпа тауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестердегі көркемдесуіш құралдардың бірі – үйқас мәселесі. Үйқас әдебиеттандырылымымен қатар тіл білімінде де зерттеліп келе жатқан ауқымды мәселелердің бірі болып табылады. Негізінен алғанда үйқас өлең жолдарының сонындағы ұқсас дыбыстардың қайталануынан болып келеді.

Үйқас – өлең мәтінін құрайтын композициялық құралдардың түрі. Үйқастың осы қызметті туралы В. М. Жирмунский былай деп көрсетеді: Рифма представляет собой звуковой повтор, имеющий композициональную функцию в метрической организации стихотворной речи» [14;29]. Үйқас өлеңді алғаш тармакқа өкеледі. Алғашқы тармақ ойды қайта ойнатады.

Үйқас мәселесі қазірде тіл білімінде жана, түрлі бағыттарда зерттеліп, карастырыла бастады. Мәселен академик Р. Сыздықова өзінің «Абайдың сөз өрнегі» атты еңбегінде «ішкі үйқас» деген үйқас түрін көрсетеді. Автор ішкі үйқас деп өлең жолындағы ( бас жағындағы) бір ( кейде екі) сөз сол жолдың сонындағы аяқты үйқаспен үндес келеді – деп түсіндіреді. Ишкі үйқас – мәтін белшектерінің бір-бірімен байланысу қызметін атқарады. Осы аталған үйқас түрінің ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестерде көрініс беруіне назар аударсақ:

Арғын болсан, Алтай бол,  
Найман болсаң, Матай бол,  
Алшын болсан, Адай бол  
Ол болмасаң, мейлің құдай бол  
Найманың жері қазыналы келер,  
Жігіттері базыналы келер  
Сәйгүліктері жілікті келер,  
Сұлулары қызықты келер.

Сонымен ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестердің тындаушысына ықпал етіп, нақты, тұжырымды жеткізілуі сөйлеу барысында қайталамаларды орынды қолдана білуге де байланысты екенін көреміз.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Вандриес Ж. Язык. М., 1937. С. 209.

2. *Байтұрсынов А.* Ақ жол. Алматы: Жалын, 1991. 364 б.
3. *Бүркітов О.* Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвистикалық жүйесі. Алматы, 2000.
4. *Калабаева Т.Б.* Лексико-грамматическая структура повторов в казахском языке. Алматы, 1980.
5. *Кожабергенова З.Н.* Повторы, их организация и употребление в казахском языке. Алматы, 1985.
6. *Чанышев А.Н.* Аристотель. М.: Мысль, 1997.
7. *Еремина В.И.* Повтор как основа построения лирической песни. М.: Наука, 1972.
8. *Шведова Н.Н.* Очерки по синтаксису русской разговорной речи. М., 1960. 330 с.
9. *Амирров Р.С.* Особенности синтаксиса казахской разговорной речи. Алматы: Наука, 1972. 130 с.
10. *Ломоносов М.В.* Краткая руководство к красноречию. М., 1850. 750 с.
11. Античные риторики. М., 1978.
12. *Сыздықова Р.* Абайдың сөз өрнегі. Алматы: Санат, 1995. 224 б.
13. *Щербак А.М.* Соотношение аллитераций и рифмы в тюркском стихосложении. М., 1911. 360 с.
14. *Жирмунский В.М.* К вопросу о стихотворной ритме. М.: Наука, 1974. 390 с.